

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС мәжілісінің 2025 жылғы 04 шілдедегі ҚАУЛЫСЫ

1. «2024/2025 оқу жылындағы көктемгі сессия нәтижелері мен қорытынды аттестаттау комиссиясының есебі туралы.

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «2024/2025 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының қорытындысы» бойынша баяндамасын тыңдап, талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.1 Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М. Нарбекованың «2024/2025 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының қорытындысы» тақырыбындағы ақпараты назарға алынсын.

1.2 *Сорбонна-Қазақстан институт директоры, факультет декандарына және кафедра меңгерушілеріне (орындалу мерзімі - 10.09.2025ж.):*

- көктемгі емтихан сессиясының қорытындылары мен білім беру сапасын көтеру мәселесін факультеттер кеңестерінің кеңейтілген отырыстарында талқылау.
- студенттер мен түлектер арасындағы кері байланысты тиімді орнату, инновациялық әдістерді енгізу
- білім бағдарламалары аясындағы кәсіби модульдерді оқытуға орта білім ұйымдарынан практик-мамандар, эксперттер тартылсын;
- педагогикалық практиканы жүзеге асыру барысында студенттердің жобалық, дипломдық жұмыстарын жүргізуіне методикалық тұрғыдан сүйемелдеу жүргізу
- дипломдық және магистрлік жұмыстардың сапасын арттыру мақсатында рецензиялауға практик-мамандар, жұмыс берушілер, танымал эксперттер тартылсын;
- магистранттардың диссертациялық жұмыстарының тақырыптарын анықтау барысында орта және жоғары білім жүйесіндегі өзекті, тың мәселелер негізге алынсын;
- кешенді емтихандар мазмұны студенттердің теориялық және практикалық дағдыларын анықтау мақсатында прагматикалық кәсіби форматта құрастырылсын;
- бітірушілердің зерттеу жұмысын ырындау барысында педагогикалық саладағы заманауи теориялары мен Lesson Study, Action Research т.б. әдістері негізінде және орта білім беру ұйымдарындағы тәжірибе мен үрдісті зерттеуге бағыттау қарастырылсын.

1.3 *Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке (орындалу мерзімі - 10.09.2025ж.):*

- Академиялық адалдық Лигасына кіру мәселесін қарастыру мақсатында арнайы Жол картасы әзірленсін.

1.4 *Білім беру бағдарламаларын талдау департаментіне (орындалу мерзімі - 10.09.2025ж.):*

- Дүние жүзілік банк жобасы аясында әзірленген 30 инновациялық білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізілсін;
 - білім беру бағдарламаларының кәсіби стандарттарға және еңбек нарығы талаптарына сәйкес әзірленуін үйлестіру;
- 1.5 *Education Management School мен Педагогикалық инновациялар және Action Research орталықтарына (орындалу мерзімі - 10.09.2025ж.):*
- оқытушылар құрамына бағалау жүйесі бойынша оқыту семинарларын, жас оқытушылар мен эдвайзерлерге ҚР ҒЖБМ нормативтік-құқықтық актілері бойынша біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылсын және өткізілсін.

2. 2024-2025 оқу жылында қабылданған 1 курс докторанттарының нақтыланған және өзгертілген тақырыптары мен ғылыми кеңесшілерін; 2-3 курс докторанттарының өзгертілген тақырыптары мен ғылыми кеңесшілерін (отандық

және шетелдік); 1 курс магистранттарының нақтыланған диссертациялық жұмыс тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін нақтылау туралы.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдесіндегі №2 бұйрығымен бекітілген (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 04.03.2025 № 90 өзгерістер мен толықтырулар) «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты», «Магистратура» (2-тарау, 1-параграф) бөлімінің 30-тармағына және «Докторантура» (2-тарау, 2-параграф) бөлімінің 78, 80 тармақтарына сәйкес Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Сұлтанның 2024-2025 оқу жылында қабылданған 1 курс докторанттарының нақтыланған және өзгертілген тақырыптары мен ғылыми кеңесшілерін; 2-3 курс докторанттарының өзгертілген тақырыптары мен ғылыми кеңесшілерін (отандық және шетелдік); 1 курс магистранттарының нақтыланған диссертациялық жұмыс тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін нақтылау туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 2.1 2024-2025 оқу жылында қабылданған 1 курс докторанттарының нақтыланған және өзгертілген тақырыптары (3 тілдегі) мен ғылыми кеңесшілері 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін;
- 2.2 2024-2025 оқу жылындағы 2-3 курс докторанттарының өзгертілген тақырыптары (3 тілдегі) мен ғылыми кеңесшілері (отандық және шетелдік) 2-қосымшаға сәйкес ауыстырылсын;
- 2.3 1 курс магистранттарының нақтыланған диссертациялық жұмыс тақырыптары мен ғылыми жетекшілері 3-қосымшаға сәйкес нақтылансын.

3. 2024-2025 оқу жылындағы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әлеуметтік даму жұмыстарының есебі

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор М.Жақауовтың «Әлеуметтік даму саясаты» тақырыбындағы 2024/2025 оқу жылының есебін тыңдай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 3.1 М.Жақауовтың «Әлеуметтік даму саясаты» 2024/2025 оқу жылына арналған есебі қабылдансын
- 3.2 «Әлеуметтік шығындар 10-50-20» жатақханаларға орналастыру бойынша университет бюджеті есебінен қарастырылсын (Орындаушы: Мансап бөлімінің жетекшісі Жетібай Р., мерзімі: 01.09.2025 ж.)
- 3.3 2025/2026 оқу жылында Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті университеттің «Спорт доктринасын» жасасын (Орындаушы: Оспанкулов Е., мерзімі: 01.09.2025 ж.).
- 3.4 Үш жылға арналған кешенді «Денсаулық» жоспары аясында медициналық емханалармен үш жылға келісім шарт жасалсын (Орындаушы: Мансап бөлімінің жетекшісі Жетібай Р., мерзімі: 31.07.2025 ж.).
- 3.5 2025/2026 оқу жылында Интергалды Гра енгізілсін. Интергалды Гра енгізу жұмысына барлық проректорлар сәйкес бағыттар бойынша жұмыс атқарсын (Орындаушылар: Х. Жанбеков, Р. Жетібай, А. Найманбаев, М. Абсатова, Н. Ошанова., мерзімі: 01.09.2025 ж.).

4. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң 2025-2026 оқу жылына арналған маркетингтік қызметтің негізгі бағыттарын бекіту туралы

Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаментінің директоры А.Найманбаевтың «Абай атындағы ҚазҰПУ-ң 2025-2026 оқу жылына арналған маркетингтік қызметтің негізгі бағыттарын бекіту туралы» тақырыбындағы есебін тыңдай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

4.1 А.Найманбаевтың «Абай атындағы ҚазҰПУ-ң 2025-2026 оқу жылына арналған маркетингтік қызметтің негізгі бағыттарын бекіту туралы» есебі қабылданын.

4.2 2025-2026 оқу жылына Білім саласындағы трендтер мен өзгерістерді ескере отырып маркетингтік стратегия әзірленсін. (Орындаушы: Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаментінің директоры А. Найманбаев, мерзімі - 2025-2026 оқу жылы, қыркүйек).

4.3 Университеттің оң имиджін қалыптастыру жұмыстарына барлық Басқарма мүшелері және департамент директорлары, факультет декандары (институт директоры) сәйкес бағыттары бойынша қолдау көрсетсін. (Орындаушы: Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаментінің директоры А. Найманбаев, мерзімі – 2025-2026 оқу жылы, үнемі)

4.4 Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру бойынша жұмыс берушілермен кері байланыс орнату жұмыстары ұйымдастырылсын. (Орындаушы: Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің директоры Ошанова Н.Т., Мансап бөлімінің жетекшісі Жетібай Р., мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

QS WUR и QS by Subject рейтингі бойынша жұмыс берушілермен кері байланыс жасау, олардың сауалнамаға қатысу белсенділігін арттыру жұмыстары ұйымдастырылсын. (Орындаушы: Стратегия департаментінің директоры Тәттібаева Э.М., Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаментінің директоры А. Найманбаев, мерзімі – 2025-2026 оқу жылы, ақпан-наурыз, 2026 ж.)

5. Абай ат.ҚазҰПУ Астана қаласындағы білім беру институтының жұмыс нәтижелері мен жаңа оқу жылына міндеттер

Гуманитарлық-жаратылыстану пәндері кафедрасының меңгерушісі С.Омаровтың «Абай атындағы ҚазҰПУ Астана қаласындағы «Білім беру» институтының жұмыс нәтижелері мен жаңа оқу жылына міндеттері» баяндамасын тыңдап, талқылай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС КАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

5.1. Гуманитарлық-жаратылыстану пәндері кафедрасының меңгерушісі С.Омаровтың «Абай атындағы ҚазҰПУ Астана қаласындағы «Білім беру» институтының жұмыс нәтижелері мен жаңа оқу жылына міндеттері» ақпараты назарға алынсын.

5.2. Абай атындағы ҚазҰПУ Астана қаласындағы «Білім беру» институты директорына, кафедра меңгерушісіне (орындау мерзімі 2025 жыл желтоқсан):

- Астана қаласындағы «Білім беру» институты жанынан қоғамдық бірлестіктермен, қорлармен бірге инклюзивтік білім беру оқу-зерттеу орталығын ашу мүмкіндігі қарастырылсын;

- оқыту процесінің практикалық бағыттылығын, ғылыми зерттеулердің қолданбалығын арттыру мақсатында Астана қаласының инновациялық мектептерінің педагог-шебер және педагог-зерттеуші ұстаздарын, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-практикалық орталықтарының ғылыми қызметкерлерінің әлеуетін пайдалану үшін олармен меморандумдар, келісімшарттар жасалсын.

5.3. Инфрақұрылымды дамыту департаментіне, институт директорына (орындау мерзімі - 1 қыркүйек 2025);

- институт ғимаратында жөндеу жұмыстарын аяқтау, тиісті құрал-жабдықтармен жарақтандыру жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылсын;

5.4. Факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне (орындау мерзімі 2025 жыл желтоқсан):

- «Білім беру» институтына, Гуманитарлық-жаратылыстану пәндері кафедрасына оқыту процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге жан-жақты қолдау көрсетілсін.

6. Әртүрлі.

6. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.Тілеп

Ж.Битибаева